

**Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қыркүйекте № 9744 тіркелді.

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 180-бабы 3-бөлігіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 09.08.2025 № 99 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 12 қыркүйектегі № 83 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7293 тіркелген, "Заң газетінің" 2011 жылғы 22 қарашадағы N 171 (1987), 2011 жылғы 23 қарашадағы N 172 (1988) жарияланған);

2) "Қылмыстар, оқиғалар, қылмыстық істер және оларды тергеу нәтижелері туралы, соның ішінде электрондық форматта өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты бірыңғай карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 7 тамыздағы

№ 80 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9730 тіркелген, "Әділет" нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылдың 19 қыркүйегінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты орындау үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу мүдделі субъектілеріне, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры

А. Дауылбаев

Қазақстан Республикасы  
Бас прокурорының  
2014 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 89 бұйрығымен  
бекітілген

**Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидалары**

**Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Қағидалар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін анықтайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпаратты есепке алу кітабы (бұдан әрі – АЕК) – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға Қазақстан Республикасы Қылмыстық – процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 180-бабының бірінші бөлігінде аталған себептерді қоса алғанда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат енетін автоматтандырылған дерекқор;

2) ақпараттың қорғалған жеткізгіші – бұл Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне қол жеткізу үшін негізгі ақпараттарды және биометриялық деректерді қауіпсіз сақтауға арналған құрылғы;

3) биометриялық оқитын құралы – саусақ іздерінің биометриялық параметрлері бойынша жүйе пайдаланушысын аутентификациялау үшін мамандандырылған перифериялық құрылғы;

4) жасырылған қылмыстық құқық бұзушылық – бұл ҚР ҚПК-нің 180-бабымен көзделген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себептердің болуына қарамастан, СДТБТ-да оны тіркеуге шаралар қабылданбаған қылмыстық теріс қылық немесе қылмыс;

5) иесі бүркемеленген өтініш – ол бойынша авторын анықтау мүмкін емес, арыз иесінің қолтаңбасы, оның ішінде электронды цифрлық қолтаңбасы, пошталық мекенжайы жоқ хабар;

6) қайталама арыз және хабар – сол бір қылмыстық құқық бұзушылық бойынша бір реттен аса арыз және хабар;

7) қолтаңба планшеті – қолтаңба иесінің қолжазба қолтаңбасының цифрлық аналогын құруға мүмкіндік беретін графикалық планшеттен және жазу қаламынан (стилус) тұратын мамандандырылған перифериялық құрылғы;

8) құқық берілген адам – қылмыстық қудалау органы кезекші бөлімінің қызметкері, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты қабылдауға және есепке алуға жауапты лауазымды адам;

9) қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат – анықталмаған адамның хабарын, сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептерін, ҚР ҚПК-нің 181-бабының 5-бөлігінде көрсетілген арыздар мен хабарларды қоса алғанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау мүмкіндігі туралы шешімді қабылдау қажеттілігі бар ақпарат;

10) қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты есепке алу – АЕК-ке осы тармақтың 15) тармақшасында көрсетілген себептерді осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес "АЕК-тегі есепке алу" К-1 нысаны бойынша (бұдан әрі – К-1 нысаны), сондай-ақ осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "АЕК бойынша шешім" К-2 нысаны бойынша, осы Қағидалардың 12 және 14-тармақтарына сәйкес оның шешілу нәтижелері туралы мәліметтерді (бұдан әрі – К-2 нысаны) қоса, қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты бекіту;

11) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды және ақпаратты қабылдау – қылмыстық қудалау органдары лауазымды адамдарының ҚР ҚПК-нің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған себептерді, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өзге де ақпаратты міндетті түрде қабылдауы;

12) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды немесе баянатты тіркеу – осы тармақтың 15) тармақшасында көрсетілген себептерді СДТБТ- да тіркеу;

13) Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін пайдаланушы (бұдан әрі – пайдаланушы) – нақты функцияларды орындау үшін өз құзыреті шеңберінде Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін пайдаланатын лауазымды адам;

14) сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі – СДТБТ) – ҚР ҚПК-нің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері, олар бойынша қабылданған процестік шешімдер, жүргізілген әрекеттер, қылмыстық іс жүргізудің қозғалысы, қылмыстық процестің арыз иелері мен қатысушылары туралы мәліметтер енетін автоматтандырылған дерекқор, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізуді жүзеге асырады;

15) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері – арыз, кінәсін мойындап келу, хабар, ҚР ҚПК-нің 181 – 184-баптарының талаптарына сәйкес рәсімделген ҚР ҚПК-нің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған қылмыстық құқық бұзушылық туралы баянат;

16) туыстарымен байланысын жоғалтқан адам – әртүрлі себептерге байланысты туыстарымен қандай да бір қарым-қатынас жасамайтын және өзінің орналасқан жері туралы мәліметтерді хабарламайтын, оған қатысты іздестіру туралы арыз келіп түскен адам;

17) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті, оның аумақтық және оларға теңестірілген органдары;

18) хабарсыз кеткен адам (хабарсыз жоғалған адам) – кенеттен, қандай да бір себепсіз жоғалып кеткен, орналасқан жері белгісіз және оған қатысты оны іздеу туралы арыз, хабар немесе баянат келіп түскен адам;

19) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгертілмегендігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы;

20) электрондық ақпараттық есепке алу құжаты (нысан) – оның негізінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу деректері қалыптасатын құқықтық статистикалық ақпараттың жеткізгіші;

21) SMS-хабарлама – мобильді байланыс және (немесе) электрондық пошта арқылы қылмыстық процеске қатысушыларға оларды хабар ету не қылмыстық процесті жүргізуші адамның келуі үшін мәтіндік хабарлар жіберуге мүмкіндік беретін СДТБТ-ның функционалы;

22) жария сектор – азаматтарға қылмыстық құқық бұзушылық бойынша арыздар беруге және хабарларды жіберуге, сондай-ақ қылмыстық процеске қатысушыға Интернет арқылы ақпараттық қауіпсіздік және құпиялылық талаптарын сақтай отырып, қабылданған процестік шешімдер туралы СДТБТ-да бар және және өзге де мәліметтерге, өзіне немесе ол қорғайтын адамға қатысты қылмыстық істің

материалдарына қашықтықтан қол жеткізуге, шағымдар және өтінішхаттар беруге мүмкіндік беретін СДТБТ-ның функционалы;

23) сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есеп – ол сотқа дейінгі тергеп -тексеруді жүзеге асыратын адамның жиналған нақты деректеріне негізделген сотқа дейінгі тергеп -тексеруді аяқтау туралы, айыптау актісін жасау және істі сотқа жіберу үшін істі прокурорға жіберу туралы қысқа тұжырымдары.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 07.02.2024 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 09.08.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлері мен бөлімшелері арасында өкілеттіктерді жіктеу және олардың қызметін қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу бойынша ұйымдастыру, сонымен қатар СДТБТ-да жүргізу құқық қорғау және арнайы органдар басшыларының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тарау. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдары кез келген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты қабылдайды. Кезкеші бөлімдер қабылдауды тәулік бойы жүзеге асырады.

СДТБТ-на қолжетімділігі бар лауазымды адамдар қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты қабылдағаннан кейін оны АЕК-на бекітуді жүргізеді.

СДТБТ-на қолжетімділік болмаған жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты қабылдаған лауазымды адам байланыс құралдарын пайдалана отырып құқықтық өкілетті адамға хабарлайды, ал ол алынған хабарлама негізінде АЕК-де бекітуді жүзеге асырады және осы Ереженің 3-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша баянат жасайды.

Жедел-іздістіру қызметінің барысында "Жедел-іздістіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексерілгеннен кейін, соның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтау кезінде арнайы

жедел-іздігі іс-шаралары қолданыла отырып алынған мәліметтер ҚПК 184-бабының 1-бөлігі 2)-тармағының талаптарына сәйкес лауазымды адамның баяндамасы бойынша тіркелуі тиіс.

Байланыс арналары арқылы келіп түскен бүркемеленген өтініштер, соның ішінде белгісіз адамдардың хабарлары АЕК-де бекітіледі және ондағы қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтер ҚПК-нің 184-бабының 1-бөлігі 2)-тармағының талаптарына сәйкес, тек лауазымды адамның баянаты бойынша расталған жағдайда ғана СДТБТ-да тіркелуі мүмкін.

Қылмыстық қудалау органдары анықтаған әкімшілік құқық бұзушылықтар және тәртіптік теріс қылықтар АЕК-де бекітуге жатпайды.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5-1. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.нысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-2. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызбен, хабарламамен тікелей жүгінген арызданушыға уәкілетті адам осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысанда бірегей нөмірден тұратын талон-хабарландыру береді. Сонымен қатар талонды арызданушыға тергеу-шұғыл тобы да, учаскелік полиция инспекторы да бере алады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 23.12.2014 № 159 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Талон-хабарлама екі бөліктен тұрады:

қылмыстық қудалау органында қалатын талон-хабарлама түбіртегінен;  
арыз иесіне берілетін үзілмелі талон-хабарламадан.

Талон-хабарламаның түбіртектерінің түпнұсқалары қатаң есептілік құжаты болып табылады, қылмыстық қудалау органдарында 3 жыл бойы сақталады.

Үзілмелі талон-хабарламаның келес Интернет-ресурстың мекенжайы: [www.qamqor.gov.kz](http://www.qamqor.gov.kz), телефон нөмірлері: 8 800-080-7777 (стационар телефоннан), 1414 (ұялы телефоннан) көрсетілген, олар бойынша арыз берушінің арызды қабылдаған қылмыстық қудалау органының тиісті ақпаратын және телефон нөмірін алуға болады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7-1. Қылмыстық істі жүргізуші тұлға, қылмыстық процестің қатысушыларына (күдікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушылар, азаматтық жауапкер,

жәбірленуші, жеке айыпталушы, азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері және өкілдері) хабарлау (хабарлама) қажет болғанда, СДТБТ АЖ SMS-құлақтандыру модуль мүмкіндігін 1414 бірыңғай нөмірі арқылы пайдалана алады.

"SMS-шақыруды жолдау" функционалы қылмыстық процестің қатысушысын нақты таңдаған кезде белсенділікке енеді.

Қылмыстық процеске қатысушының телефон нөмірі электронды нысанда болмаған жағдайда, қылмыстық процес қатысушысының ұялы телефонына және (болмаса) электрондық поштасына міндетті жолдарды толтыра отырып, SMS-шақыруды жолдау бойынша "Шақыру қағазы" функционалы пайдаланады.

**Ескерту. 2-тарау 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Прокуратура органының басшысы, тергеу бөлімінің немесе анықтау органының жауапты бастығы ҚР ҚПК-мен белгіленген құзыретке сәйкес, сондай-ақ құқықтық өкілетті лауазымды адам осы Қағиданың 12)-15)-тармақтарының талаптарын орындау үшін және сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісін жүзеге асыру үшін тергеушілерге, анықтаушыларға, прокурорларға, сондай-ақ өзге де лауазымды адамдарға қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпараттың дереу берілуін қамтамасыз етеді.

АЕК-де бекітілген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат осы Қағидада көзделген шешімдерді қабылдай отырып, 24 сағат ішінде қарауға жатады.

АЕК-де бекітілген туыстарымен байланысын жоғалтқан адамды іздестіру туралы арыз СДТБТ-де тіркелуге жатпайды.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Жасалған, дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар арызданушы тікелей жүгінген (өзі келген) кезде, осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес, арызға толықтыру – осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес қабылданады.

Ауызша арызды қабылдау жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша арыз қабылдау туралы хаттамамен осы Қағиданың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделеді.

Бұл талап телекоммуникациялық және электрондық байланыс құралдары, сонымен қатар пошта байланысы және жүгінулерге арналған жәшіктер арқылы келіп түскен арыздарға, хабарларға қолданылмайды.

Аталған жағдайларда, арызды үлгілер бойынша толтыру қылмыстық қудалау органы қызметкерінің арызданушыға тікелей келуімен, ал кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда – шұғыл тергеу әрекеттері жүргізілгеннен кейін іске асырылады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Кінәсін мойындап келу осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес үлгілі үлгі бойынша қабылданады.

11. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәлімет, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарынан келіп түскен кезде, қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлері осы Қағиданың 8-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша баянат жасайды.

12. Осы Қағидалардың 9, 10, 11-тармақтарында көрсетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептерін олардың құзыреттеріне сәйкес аталған факт бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу тапсырылған тергеушілер, анықтаушылар, прокурорлар, құқықтық өкілетті адам, сондай-ақ қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдары СДТБТ-да тіркеулері қажет.

Мынадай:

1) қолданыстағы заңнаманы бұзушылықтар туралы, тексерулер, ревизиялар, аудит актілерімен және олардың болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті белгісі болып табылатын басқалармен расталған нұқсан туралы, елеулі зиян не заңсыз кіріс, медицина немесе фармацевтика қызметкерінің кәсіптік міндеттерін орындамағаны, тиісінше орындамағаны, медициналық көмек көрсетуге міндетті адамның науқасқа оны көрсетпеуі, клиникалық зерттеулер жүргізу және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін бұзу туралы мәліметтері жоқ;

2) жазбаша нысанда жасалған және сот жарамсыз, жалған немесе өтірік деп танымаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға негізделген бұзушылықтар жөнінде;

3) мынадай:

салықтық тексеру актісі, тұжырымдарында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің барын көрсететін жеткілікті деректер қамтылған мемлекеттік кіріс органдары маманының қорытындысы (анықтамасы) қоса берілмей;

мемлекеттік кіріс органдарының салықтық тексеру нәтижелеріне сотқа дейінгі шағым жасау кезінде уәкілетті органның шешімі шығарылғанға дейін, ал сотқа шағым жасау жағдайларында сот актісі заңды күшіне енгенге дейін;

іс-әрекетті қылмыстық топтың құрамында жасау белгілері болған, сондай-ақ есепке жазу іс жүзінде жұмыстар орындалмаған, қызметтер көрсетілмеген, тауарлар тиіп-жөнелтілмеген мәмілелер бойынша жүргізілген не тапсырылуы міндетті болатын декларация ұсынылмаған не салық салынатын басқа да объектілерді және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді жасыру арқылы декларацияға кірістері және (немесе) шығыстары туралы көрінеу бұрмаланған деректер енгізілген жағдайларды қоспағанда, салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдың есепке жазылған сомалары толық өтелген кезде салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару фактілері жөнінде;

4) залалдың, елеулі зиянның не кәсіпкерлік субъектісі алған заңсыз кірістің болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті белгісі болып табылған кезде олардың болуының расталмаған белгілері бар құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті бөлімшесі маманының қорытындысына негізделген;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралатын азаматтық-құқықтық дау бар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар немесе баянат тіркелуге жатпайды.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген талаптар шарттық міндеттемелердің жосықсыз орындалғаны туралы ұжымдық, көптеген арыздар беру жағдайларына қолданылмайды.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 27.09.2022 № 191 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының м.а. 09.08.2025 № 99 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрықтарымен.**

13. Тергеушілер, анықтаушылар және прокурорлар, құқықтық өкілетті адамдар сонымен қатар аталған ақпаратты қарау тапсырылған өзге лауазымды адамдар осы Қағиданың 9-11-тармақтарында көрсетілген себептерді қоспағанда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты алған кезде дереу, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей осы Қағиданың 9, 10-тармақтарының талаптарын сақтаумен қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны қабылдайды және оларды осы Қағиданың 12-тармағына сәйкес СДТБТ-ға тіркейді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 ( ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13-1. АЕК-нда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат бекітілгеннен кейін, АЕК-нда бұрын тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ұқсас ақпарат белгіленген жағдайда, ол алғашқы тіркелгенге қосу үшін лауазымды адамға немесе органға беріледі.

Егер АЕК-нда тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ұқсас ақпарат бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған жағдайда, ол СДТБТ-нде тіркелусіз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына қосылады.

**Ескерту. Қағида 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 23.12.2014 № 159 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

13-2. Аумақтылығы (ведомствоға тиістілігі) бойынша жіберілген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар немесе баянаттар бойынша құпиялылықты қамтамасыз етуді талап ететіндерін қоспағанда, арыздардың, хабарлардың, баянаттардың және осы арыздарға, хабарларға, баянаттарға қоса берілген құжаттардың көшірмелерін бере отырып, К-2 нысаны толтырылады.

Қарау мерзімі материалдың СДТБТ АЖ-ға келіп түскен кезден бастап АЕК-ге қайта тіркемей, К-2 нысанын толтыра отырып есептеледі.

Аумақтылығы (ведомствоға тиістілігі) бойынша жіберілген материалды қабылдау туралы құқық берілген адам дереу мәлімет енгізеді.

Аумақтылығы (ведомствоға тиістілігі) бойынша қабылданған материал бойынша осы Қағидалардың 13 және 14-тармақтарында көзделген шешімдерінің бірі қабылданады.

**Ескерту. 13-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының м.а. 15.01.2020 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 27.09.2022 № 191 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 07.02.2024 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

14. Егер АЕК-нда бекітілген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат ҚР ҚПК 180-бабының 1-бөлігінде көрсетілген себептерге сәйкес келмеген жағдайда, осы Қағиданың 8-тармағы екінші бөлігінде көзделген мерзімде мынадай шешімнің біреуі қабылданады:

1) лауазымды адамның баянаты негізінде, қылмыстық қудалау органы басшысының немесе оның орынбасарының келісімімен қараусыз қалдырылады және номенклатуралық істе растаушы құжаттармен бірге (нарядта) сақталады;

2) ҚР ҚПК-нің 181-бабының бесінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға жіберіледі.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат, егер СДТБТ-ға тіркелгенге дейін қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің болуын өзге жолмен (мысалы, салық тексерісі актісімен расталмаған салық төлемеу туралы ақпарат) анықтау мүмкін болмаса, уәкілетті органға ревизиялар мен тексерулер жүргізу үшін жіберілуге жатады.

ҚР ҚПК-нің 181-бабының бесінші бөлігінің тәртібінде бұдан бұрын жіберілген арыздар мен хабарлар бойынша жүргізілген ревизиялар мен тексерулер материалдары қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасымен келіп түскен уақыттан бастап 24 сағат ішінде К-1 нысанын толтыра отырып, АЕК-те қайта тіркеледі.

Ревизия немесе тексеру жүргізуден кейін қабылданған материал бойынша осы Қағидалардың 13 және 14-тармақтарымен көзделген шешімдердің біреуі қабылданады, бұл ретте қарау мерзімі АЕК-ке қайта тіркелген кезден бастап есептеледі;

3) басқа негіздер болған кезде, әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы мәселелерді қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға (лауазымды адамға) жолданады;

4) егер ақпаратты қарау өзге қылмыстық қудалау органының құзыретіне жататын болса, аумақтық тиесілігіне немесе ішкі ведомстволығына қарай жіберу туралы;

5) АЕК-на немесе СДТБТ-не қосу туралы;

б) басқа негіздер болған кезде, тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселелерді қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға (лауазымды адамға) жолданады;

7) заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаға қатысты дәлелдерін растайтын құжаттар мен материалдарсыз азаматтық-құқықтық сипаттағы мәмілелер қорытындыларында негізделген арызы СДТБТ-де тіркелмей, ҚПК-нің 181 бабы 3-бөлігінің талаптарына сәйкес келтіру үшін қайтарылуға жатады.

Қабылданған шешім туралы арыз авторына жазбаша жауап беріледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 ( ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 23.09.2016 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.01.2020 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.08.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

14-1. Қылмыстық қудалау органына келіп түскен және АЕК-да тіркелген, қылмыстық қудалауы жеке тәртіпте жүзеге асырылатын мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама қолда бар материалдармен бірге соттылығына қарай СДТБТ-де тіркелусіз тиісті сотқа жіберуге жатады.

Егер, ҚПК 179-бабы үшінші бөлігі ережелеріне байланысты жәбірленуші адамды қылмыстық жауапқа тарту туралы шағымдануынан бас тартатын жағдай болса, онда лауазымды адам осы Қағиданың 14-тармағы 1)-тармақшасында көзделген шешімді қабылдайды.

Ескерту. Қағида 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 23.12.2014 № 159 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

14-2. ҚР ҚПК 179-бабы 6-бөлігіне сәйкес, қылмыстық қудалауы жеке тәртіпте жүзеге асырылатын мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық белгілері туралы мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама бойынша шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу оларды соттылығына қарай немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік органға не лауазымды тұлғаға жіберуге, сонымен қатар осы Қағиданың 14-тармағы 1)-тармақшасына сәйкес шешім қабылдауға кедергі болмайды.

Ескерту. Қағида 14-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 23.12.2014 № 159 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

14-3. Шарананың шетінеу себебіне қатысты биологиялық өлім, жазылмайтын ауру не қартайған жасқа толу деректері бойынша оның басталу жайттары анық және

криминалдық сипатта емес, осы Қағиданың 14-тармағының 1-тармақшасымен көзделген шешім қабылдануы мүмкін.

**Ескерту. Қағида 14-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 23.12.2014 № 159 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу қажет болған жағдайда осы Қағиданың 9, 10, 12 және 13-тармақтарының талаптары аталған әрекеттер орындалғаннан кейін бір мезгілде немесе дереу орындалады.

16. Себепті СДТБТ-де тікелей бекіту мүмкіндігі болмаған жағдайда осы Қағиданың 4-тармағында көрсетілген лауазымды адам байланыс құралдарын пайдалану арқылы қылмыстық қудалау органының қабылдау мен есепке алуға жауапты адамын хабарландырады, ол алынған хабарландырудың негізінде осы Қағиданың 9-қосымшасына сәйкес СДТБТ-де тіркеу туралы баянат дайындайды.

Қылмыстық қудалау органына келу бойынша лауазымды адам себепті тіркеген уәкілетті адамнан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тіркеу туралы баянатты алады және белгіленген тәртіпке сәйкес СДТБТ-ға қосымша мәліметтер енгізеді.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 ( ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. СДТБТ-ға тіркегеннен кейін СДТБТ-да осы сияқты бұрын тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себебін анықтау кезінде осы немесе басқа орган сотқа дейінгі өндірістің материалдарын алғашқы тіркелгенге қатыстыру үшін лауазымды адамға немесе ҚПК 186-бабының тәртібінде сотқа дейінгі іс жүргізуді іске асыратын тергеу органына береді.

18. Теңіз және әуе кемелерінде, геологиялық-барлау партияларында анықтау органдарынан алшақ басқа мемлекеттік ұйымдар мен бөлімшелерде қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеру дереу басталады, ол туралы мәліметтер тиісінше мүмкіндік пайда болған кезде СДТБТ-ға енгізіледі.

19. СДТБТ-нде және АЕК-нда тіркеу кезінде уәкілетті адам тіркеуге негіз болған қағаз құжатқа (арызға, хабарламаға, баянатқа және т.б.) осы Қағиданың 10 және 10-1-қосымшаларына сәйкес тіркеу мөртаңбасын қояды.

Органның тіркеу мөртаңбаларында атауы, тіркеу күні, АЕК немесе СДТБТ тіркеу нөмірі, лауазымды адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты және қолы болады.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 23.12.2014 № 159 ( 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-тарау. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінқалыптастыру және жүргізу тәртібі**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. СДТБТ-ні жүргізу шешім қабылдаған лауазымды адамның уәкілетті органға Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы арқылы берілетін "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылатын қылмыстық өндіріс бойынша әрбір әрекетке және шешімге электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі - нысан) сәйкесті деректемелерін толтырады.

Мәліметтерді енгізген кезде осы Қағидалардың 34 және 35-тармақтарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылықтың толық сипаттамасы және одан әрі шешімді қабылдау негіздемелері көрсетіледі.

СДТБТ-да процестік шешімдер мен әрекеттердің электрондық шаблондары болған жағдайда, оларды қылмыстық істің материалдарына қатаң сәйкестікте толтыру міндетті.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20-1. Қылмыстық сот ісін қағаз форматта жүргізу кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы прокурорға процестік шешімдерді келісуге немесе бекітуге жібереді, сондай-ақ ҚР ҚПК-де көзделген жағдайларда, құпиялылықты талап ететіндерді қоспағанда, прокурорды электрондық нысанда қабылданған шешімдер туралы хабардар етеді және процестік шешімдер мен қылмыстық істің өзге де материалдарының көшірмелерін жібереді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қылмыстық сот ісін электрондық форматта СДТБТ арқылы жүргізу "Қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 3 қаңтардағы № 2 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16268 болып тіркелген) регламенттелген.

**Ескерту. 3-тарау 20-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20-2. Қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу туралы шешімді өндіріске алып сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруды тапсырған қылмыстық процесті жүргізетін тұлға өз қалауы бойынша қабылдайды. Қабылданған шешім бойынша дәлелденген шешім қабылданады, сондай-ақ, тиісті мәліметтер Е-2 нысанда енгізіледі.

Бұл ретте, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу туралы дәлелді қаулы жүйеде автоматты түрде қалыптастырылып электрондық форматтағы үлгінің негізінде қалыптастырылып оған қол қойылады.

Дәл осы сатыда электрондық қылмыстық істің материалында "АЕК тіркеу туралы баянат", "Қылмыстық құқық бұзушылық жөніндегі мәліметтерді тауып алу туралы

баянат", "Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы туралы прокурорға хабарлама" деген автоматты түрде салынған электрондық іс жүргізу құжаттары бар.

Электрондық іс жүргізу құжаттарын құрастырған кезде тұтынушы хронологияны және қисындық сабақтастықты сақтайды.

Электрондық іс жүргізу құжаттарын құрастырған кезде, тұтынушы электрондық нысандағы "Қаулы" қосымшасындағы үлгінің негізінде құжаттың мәтінін қалыптастырады.

"Қаулы" функционалы екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде енгізу және деректерге түзетуді енгізу жүзеге асырылады, екіншісінде қалыптасатын электрондық құжатты алдын ала көру, сонымен бірге басып шығару және графикалық планшеттен қолтаңба қою.

**Ескерту. 3-тарау 20-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты тіркеу осы Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес "СДТБТ-де тіркеу" Е-1 нысанында (бұдан әрі – Е-1 нысаны) толтыру арқылы жүзеге асырылады, оны сақтағаннан кейін қылмыстық өндіріске автоматты түрде тіркеу нөмірі беріледі.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21-1. Жасырылған қылмыстық құқық бұзушылық анықталған кезде, лауазымды адам осы Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес міндетті түрде 6, 6.1 және 6.2 деректемелерін белгілей отырып Е-1 нысанын толтыру арқылы оның СДТБТ-де тіркелуіне қатысты дереу шаралар қабылдайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылық осыған дейін АЕК-нда бекітілмеген немесе оны прокурор анықтамаған болса, онда алдын-ала осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес К-1 және осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес К-2 нысандары қойылады.

Егер қылмыстық құқық бұзушылық осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген шешімдерді негізсіз қабылдау арқылы жасырылған болса, осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес жаңа К-2 нысанын толтыру жүргізіледі.

Негізсіз есептен шығарылған тіркелмеген қылмыстық құқық бұзушылық материалдары номенклатуралық істен алынады.

Уәкілетті лауазымды адам қылмыстық қудалау органының өкілімен бірлесіп жасырылған қылмыстық құқық бұзушылық материалдарын номенклатуралық істен алып тастау туралы актіні құрады, оның бір данасы номенклатуралық істе сақталады.

Актіде арыздың немесе хабардың СДТБТ-де тіркелуі қажеттілігі туралы мәліметтер, ал тіркеуден кейін тіркеу нөмірі мен күні көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кейіннен ҚР ҚПК 35-бабы 1 бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8)-тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған немесе сот ақтау

үкімін шығарған жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылық жасырылған деп есептелмейді.

Ескерту. 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 23.09.2016 № 148 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

22. Тергеу бойынша басқа қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен, сондай-ақ қосылған немесе қосымша тергеп-тексеру өндірісі үшін келіп түскен қылмыстық істер қайта тіркеуге жатпайды, сотқа дейінгі тергеп-тексеру ертеректе берілген тіркеу нөмірімен жалғасады.

23. Басқа мемлекеттердің, соның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен қылмыстық істер жаңадан тіркелгендер ретінде, оған жаңа тіркеу нөмірін берумен СДТБТ-ға тіркеуге жатады.

24. Қылмыстық істі жеке өндіріске шығарған кезде адамға қатысты жаңа тіркеу нөмірін берумен СДТБТ-ға тіркеу нысаны толтырылады, бұл ретте ол жаңа құқық бұзушылық ретінде есептелмейді.

25. Егер тергеп-тексеру барысында қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу ауданы туралы нақты мәліметтер анықталса, СДТБТ-ға тіркеу нысанының "Жасалу ауданы" деректемесі түзетуге жатады.

26. Тіркеуге бір нысан толтырылып, бір құқық бұзушылық ретінде ескеріледі:

1) қатысудың кез келген нысанында бірнеше адам жасаған құқық бұзушылық (ҚР ҚК 28-бабы);

2) екі немесе одан артық адамға зиян келтірілетін әрекет (мысалы: бір орынжайдан әр түрлі адамдарға тиесілі заттарды ұрлау; бір табыннан әр түрлі иелерге тиесілі бірнеше бас малды ұрлау);

3) созылмалы құқық бұзушылық;

4) жалғаспалы құқық бұзушылық;

5) әрқайсысы шағын мәнді, бірақ жиынтығында елеулі қоғамдық қауіптілік білдіріп, бір құқық бұзушылық ретінде жіктелетін біртекті әрекеттер қатарын бірізді жасау (мысалы: бірыңғай қаскөйлікпен байланысты, бір уақыт мерзімінде бір үйден электр есептегіштерді ұрлау);

6) бір әрекетпен әр түрлі құқық бұзушылықтар жасау. Мұның өзінде ең ауыр құқық бұзушылық есепке алынуы тиіс (мысалы, жыныстық ауруды жұқтырумен зорлау, тек зорлау белгілері бойынша есепке алынады);

7) негізгі құқық бұзушылықты жасау тәсілі болып табылатын жиынтық әрекет бөлігі (мысалы, кінәліге сеніп тапсырылған бөгде мүлікті қызметтік күйін пайдаланып иеленуі немесе шығындауы, онда қызметтік күйді пайдалану ұрлау тәсілі болып табылады, керісінше, қызметтік күйін теріс пайдалану жеке әрекет түзіп, егер негізгі актіні жүзеге асыру құралы болып табылмаса, жеке акция ретінде ескеріледі);

8) әр түрлі құқық бұзушылық құрам элементтеріне ие, бірақ біреу ретінде жіктелетін құқық бұзушылық (мысалы, жәбірленушіге қатысты зорлықпен қоса жүретін билікті асыра пайдалану, билік өкіліне қарсылық көрсетумен қоса жүретін қасақана бұзақылық);

9) әр түрлі объектілерге қол сұққанымен, бір құқық бұзушылық түзетін әрекет (мысалы, жәбірленуші өміріне, денсаулығына, мүлкіне қол сұғылатын қарақшылық);

10) азғын әрекеттер, еркек пен еркектің жыныстық қатынасы және эпизод санынан тәуелсіз өзге осындай актілер. Топтық құқық бұзушылық пиғылы болмаған кезде осындай актідегі әрбір жаңа серіктестік жеке құқық бұзушылық ретінде ескерілуі тиіс;

11) ҚР ҚК әр түрлі баптары бойынша жіктелетін дербес әрекеттерді бір уақытта жасаған жағдайда (мінсіз жиынтық).

**Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының м.а. 09.08.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Қоғамдық орын – халықтың пайдалануына, сондай-ақ жаппай іс-шаралар, азаматтарға қызмет көрсету және демалысын өткізуге арналған, қала мен елдімекендердің шегінде немесе олардан тыс арнайы жабдықталған жаппай тұтыну орындары.

Қоғамдық орындарға:

1) білім беру және демалу ұйымдары;

2) денсаулық сақтау ұйымдары;

3) қоғамдық тамақтану пунктері;

4) кинотеатрлар, театрлар, цирктер, концерт, қарау және көрме залдары, спорт ареналары және жаппай демалысқа арналған басқа жабық құрылыстар, соның ішінде түнгі клубтар және дискотекалар;

5) мұражайлар, кітапханалар және дәрісханалар;

6) жергілікті және алыс қатынастағы пойыздар, әуе, теңіз және өзен көлігі кемелері, қалалық, қалааралық автобустардың, бағдарлы таксилердің және қалалық электр көлігінің салоны;

7) әуежайлар, теміржол, автомобиль және су вокзалдарының ғимараттары, теміржол вокзалдарының перрондары және метрополитендер;

8) рұқсатнама режимін пайдаланбайтын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың орынжайлары;

9) бұзақылық жасаған жағдайда еңбек етушілер ұжымы пайдаланатын, рұқсатнама режимі бар объектілердегі жұмыс орны болып табылатын орынжайлар;

10) үйлердің кіреберістері жатады.

28. Қоғамдық орындар мыналарға бөлінеді:

1) тұрақты (кез келген уақытта қолжетімді орындар: көшелер, тұйық көшелер, гүлзарлар, жолжелектер, жағалаулар, алаңдар, вокзалдар, аулалар (жеке үйлердің аулаларынан басқа));

2) мерзімді (халыққа белгілі бір уақытта қызмет көрсетуге және демалуына арналған орынжайлар: базарлар, білім беру және емдеу-сауықтыру мекемелері, демалыс аймақтары, мәдени, сауықтыру, спорт мекемелері, қоғамдық көлік, сауда кәсіпорындары, жолаушылар пойыздарының вагондары (тамбурлардан басқа), сондай-ақ вагон-мейрамхана, тәуліктің түнгі уақытындағы жолаушылар купесі және дәретхана).

29. Қоғамдық орындарда жасалғандар қатарына жатқызылғандардың жалпы санынан көшелік, яғни әлеуметтік тұрғыдан жабдықталған орындарда: көшелерде, алаңдарда, желекжолдарда, жағалауларда, көпірлерде, тұйық көшелерде, қоршалмаған аулаларда (жекелерден басқа), орман-саябақ аймақтарында, қала (елдімекен) шегінде, гүлзарларда, жағажайларда, демалыс орындарында, базарларда, стадиондарда қызмет ету мерзімінде жасалғандар ерекшеленеді.

30. Қоғамдық орындарда және көшеде жасалғандар ретінде есепке алуға жатпайды:

1) құқық бұзушылықты жасау сәтінде өз қызметін орындамайтын қоғамдық мәндегі объектілерде жасалған құқық бұзушылықтар;

2) еңбек ететін ұжымдар жұмыс үшін пайдаланатын және күзетілетін автотұрақтардағы рұқсатнама режимдері бар объектілерде жасалған құқық бұзушылықтар;

3) ұйымдардың, мекемелердің, сауда және ойын-сауық мекемелерінің қосалқы орынжайларында, киім гардеробтарында, соның ішінде оқу және өзге мекемелердің спорт залдарының киім шешетін орындарында және қызметтік кабинеттерде жасалған құқық бұзушылықтар;

4) таксиде жасалған құқық бұзушылықтар;

5) қоршауының болуынан тәуелсіз қараусыз қалған ғимараттар территориясында, жерасты коммуникацияларда, жергілікті жаракталмаған учаскелерде – бос алаңда, көше мен жағажай жағалауынан басқа өзен жағалауында, қандай да бір инфрақұрылым объектілерінсіз автожол учаскелерінде жасалған құқық бұзушылықтар;

6) пәтердегі ұрлық және жатақханалардың, қонақ үйлердің, демалыс үйлерінің орынжайларында, жолаушылар болмаған жағдайда аралықтарда тұрған жолаушылар пойыздарының вагондарда, жолайрықтарда, тұйықтар мен тұрақ саябақтарында жасалған басқа құқық бұзушылықтар;

7) коммуналдық пәтерлердің жаппай пайдалану орындарында, шатырларда, жертөлелерде, лифтілерде жасалған құқық бұзушылықтар, бұзақылықтан басқа;

8) Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 116, 129, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 145, 150, 151, 159, 160, 162, 163, 164, 165, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 175, 180, 182, 183, 184, 186, 189, 197, 198, 199, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 212, 213, 214,

215, 216, 217, 218, 218-1, 219, 220, 221, 224, 225, 226, 227, 228, 229, 230, 231, 232, 233, 234, 235, 235-1, 236, 237, 238, 239, 240, 241, 242, 243, 244, 245, 246, 247, 248, 249, 251, 253, 254, 257, 258, 259, 260, 262, 263, 264, 265, 266, 267, 268, 269-1, 270, 271, 275, 276, 278, 279, 280, 281, 282, 284, 285, 288, 290, 295, 295-1, 301, 302, 303, 305, 306, 310, 312, 314, 315, 317, 318, 319, 322, 323, 330, 331, 333, 334, 335, 336, 337, 338, 341, 342, 343, 344, 349, 351, 352, 354, 355, 356, 357, 358, 359, 360, 361, 362, 363, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 371, 374, 376, 377, 383, 384, 385, 386, 387, 388, 388-1, 390, 393, 394, 395, 396, 398, 399, 403, 404, 405, 406, 407, 408, 409, 410, 411, 412, 412-1, 413, 415, 416, 417, 418, 419, 420, 421, 422, 423, 424, 425, 426, 427, 428, 429, 430, 431, 432, 433, 434, 437, 438, 439, 440, 441, 442, 443, 444, 445, 446, 447, 448, 450, 451, 452, 453, 454, 455, 456, 458, 460, 464, 465, 466-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар;

9) жол-көлік құқық бұзушылықтары.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 ( ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының м.а. 09.08.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

30-1. Е-1 нысанын толтыру кезінде "отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтар" ұғымында тіркелген не нақты неке-отбасы немесе басқа да туыстық қатынастарда тұратын адамдар, бірлесіп тұратын адамдар арасындағы жанжал нәтижесінде жасалған жеке адамның өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және бостандығына қол сұғатын қасақана немесе абайсызда жасалған әрекеттерді түсіну керек.

Ескерту. 30-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының м.а. 15.01.2020 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

31. Жеке айыптау істері бойынша шағымдарды қабылдау ҚПК 47-тарауының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

32. Жеке айыптау істерін есепке алуды аудандық және оларға теңестірілген соттардың кеңселері мәліметтердің құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында кейіннен уәкілетті органға берумен жүзеге асырады.

Мәліметтерді беру уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттардың қызметін ұйымдастыру департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) бірлескен бұйрығымен белгіленген тәртіпте іске асырылады.

33. Соттан жариялық немесе жеке-жариялық тәртіпте аңдылатын қылмыстық құқық бұзушылық белгісін анықтаумен байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өткізу туралы мәселені шешу үшін тергеу бойынша істі жолдау туралы қаулы келіп түскен

жағдайда прокурор бір уақытта СДТБТ-де бұрын жүргізілген тіркеудің болуын тексерумен СДТБТ-не келіп түскен материалдарды тіркейді.

Осы дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің тіркелуі болмаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін шаралар қабылданады.

Осы дерек бойынша СДТБТ-де сотқа дейінгі тергеудің тіркелуі болған кезде материалдар осы Қағиданың 17-тармағына сәйкес бұрын тіркелген сотқа дейінгі тергеуге қатыстырылады.

Осы дерек бойынша бұрын тоқтатылған СДТБТ-ға сотқа дейінгі тергеп-тексерудің тіркелуі болған кезде бұрын қабылданған процестік шешімін жою туралы мәселе шешіледі.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 ( ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. Жариялауға жатпайтын құпия өндіріс тәртібінде тергелетін қылмыстық құқық бұзушылық туралы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді СДТБТ-ға тіркеу кезінде мәліметтер нысанда толтырылмайды. "Қылмыстық құқық бұзушылық сипаттамасы" деректемесінде "құпия өндіріс" жазуы жазылады.

35. Сотқа дейінгі тергеу шеңберінде жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында СДТБТ-ға тіркеу кезінде арыз берушінің лақап атын көрсетуге және "қылмыс/теріс қылық сипаттамасы" деректемесін толтырмауға жол беріледі.

Құпиялылықты қамтамасыз ету қажеттілігі жойылғаннан кейін, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеу бойынша кейінгі шешім қабылданған кезде осы Қағиданың 58-тармағына сәйкес жоғарыда көрсетілген мәліметтерге дереу редакциялау жүргізіледі.

35-1. Хабар-ошарсыз жоғалған адамды іздестіру туралы келіп түскен арыз және хабарлама дереу СДТБТ-де тіркелуге жатады, "қылмысты саралау" деректемесін толтыру кезінде, өзге қылмыс белгілеріне нұсқайтын жағдайлар болмағанда "000" коды қойылады.

Криминалдық сипаттағы өлімнің анық белгілерінсіз мәйіттің табылу дерегі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруі басталғанда, "қылмысты саралау" деректемесін толтыру кезінде, егер өзге қылмыс белгілеріне нұсқайтын жағдаяттар болмаса, өлім себебін белгілегенге дейін "001" коды қойылады.

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жоғарыда көрсетілген деректер бойынша криминалдық сипаттағы белгілер анықталса, қылмыстың саралауы "СДТБТ бойынша шешім" Е-2 нысанында осы Қағиданың 12-қосымшасына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықты саралаудан шығатын тиісті деректемелерді көрсету арқылы қылмыстық істі жүргізетін лауазымды адаммен анықталады.

**Ескерту. Қағида 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 23.12.2014 № 159 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Бас**

Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

#### **4-тарау. Шешім қабылдау нысаны**

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. СДТБТ бойынша шешім қабылдау нысаны осы қосымшада көрсетілген процестік шешімдер қабылданған және құқық бұзушылық қайта сараланған жағдайларда толтырылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 23.12.2014 № 159 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36-1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қабылдау туралы шешім нысанының деректемелері оны қабылдаған лауазымды адаммен қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлама СДТБТ-нде тіркелген кезден бастап 24 сағаттың ішінде толтырылады.

Ескерту. Қағида 36-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 23.12.2014 № 159 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36-2. Электрондық нысанда қарастырылмаған іс жүргізу шешімі қабылданған жағдайда, электрондық іс жүргізу құжатын құру Е-1, Е-2, Л-1, Л-2 и Л-3 нысандары бойынша анықтамада бар шешімдерді "Процестік құжаттар" қосымшасынан "9900" кодымен шешімді қосу жолымен жүзеге асырылады.

"Процестік құжаттар" қосымшасында тұтынушыға электрондық іс жүргізу құжатын қалыптастыру бойынша үлгіден функционал ұсынылады.

Ескерту. 4-тарау 36-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Құқық бұзушылық жасаған адамның күйін көрсететін нысан деректемесі құқық бұзушылық жасау сәтіне құқық бұзушылық мастану күйінде жасалғандығы туралы айыптау актісінің және куәгерлер түсініктерінің мазмұны негізінде сызылады.

38. Қылмыстық құқық бұзушылық айыптау актісінде мазмұндалған мәліметтер негізінде, ал тоқтатылған қылмыстық істер бойынша істе бар куәгерлер түсінігі, қылмыстық істің өзге материалдары немесе қысқарту туралы қаулы негізінде адам мастану (алкогольдік, есірткілі, токсикомандық мастану) күйінде жасаған ретінде ескеріледі.

Бұрын қылмыстық құқық бұзушылыққа барған адам жасаған қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтер өтелуінен немесе соттылықтың алынуынан тәуелсіз ескеріледі. Бұрын қылмыстық құқық бұзушылыққа барған адамдарға бұрын қылмыстық теріс қылықтар жасаған адамдар да жатады.

39. ҚР ҚПК 45-бабы 7-бөлімінің 1)-тармағында көзделген негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеу мерзімін бұзған немесе оның аясында адам ертеректе ҚР ҚПК 64-бабының 1-бөліміне сәйкес күдікті деп танылған ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлімінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8)-тармақтары бойынша тоқтатылған жағдайда, СДТБТ бойынша шешім қабылдау нысаны адам нысанын толтырумен осы адамға қатысты шешім қабылдағаннан кейін толтырылады.

40. Келтірілген және өтелген залал сомалары бойынша деректемелерді толтырудың шынайылығын сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 15.01.2020 № 8 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41. Шешім қабылдау нысанына деректемелерді толтырғаннан кейін шешім қабылдаған лауазымды адам және тергеу бөлімшесінің немесе анықтау органының бастығы қол қояды.

42. СДТБТ-де тіркелген арыздар мен хабарлар бойынша тәртіптік теріс қылықтың, әкімшілік құқық бұзушылықтың немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың болуын көрсететін, ол бойынша қылмыстық қудалау жеке тәртіпте жүзеге асырылатын деректерді орнату кезінде, ҚР ҚПК 179-бабы 4 және 5-бөліктерімен көзделген шешімдер ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлігінің 2)-тармағында көзделген негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеуді тоқтату туралы процестік шешімін қабылдағаннан кейін қабылданады.

Бұл ретте, жеке айыптау істері бойынша арыздаушыға ҚПК 408-бабы тәртібінде сотқа шағымдану құқығы түсіндіріледі.

**Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 ( ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

43. Қылмыстық қудалау органы ҚР ҚПК-ға сәйкес оларға келісуге немесе бекітуге жататын, СДТБТ-ға енгізілген электрондық процестік шешімдер және олар бойынша нысандарды прокурорға береді.

Прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының шешімін зерделегеннен кейін, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайларда не қажет болған кезде қылмыстық іс материалдарын қарағаннан кейін СДТБТ-да процестік шешіммен келіседі немесе бекітеді, оған келісуден және бекітуден дереу не ҚР ҚПК-да көзделген мерзімдерде бас тартады.

Сондай-ақ прокурорға қол қоюға, СДТБТ-ға енгізілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзарту туралы және СДТБТ-да тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды және хабарды ҚР ҚПК-нің 186-бабының 2-бөлігі тәртібінде тергеулігі бойынша беру туралы шешімдер жіберіледі.

Көрсетілген электрондық процестік шешімдер мен нысандарды есепке алу, оларға прокурор ЭЦҚ арқылы қол қойғаннан кейін жүргізіледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. "Құқық бұзушылықты ашуға жәрдемдесетін күштер және құралдар" деректемелер тобын толтыру тәртібі (ведоствоішілік көрсеткіш) ведомстволық нормативтік-құқықтық актімен регламенттеледі.

Құқық бұзушылықты ашуға жәрдемдесетін күштер және құралдар" деген деректемелерді толтырудың шынайылығы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғамен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 44-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының м.а. 15.01.2020 № 8 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **4-1-тарау. Санкциялау туралы қолдау хаттар**

Ескерту. Қағида 4-1-тараумен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44-1. ҚР ҚПК 55-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сотқа санкциялау туралы қолдау хат жолдаған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адам Е-2 және Л-2 тиісті электрондық нысандарды толтырады.

Е-2 және Л-2 электрондық нысандарында "Қаулы" қосымшасында электрондық іс жүргізу құжаты қолдау хаттың тиісті үлгісі қалыптасады, электрондық нысан сақталып және қолтаңба қойылғаннан кейін, "Құжаттар тізімі" қосымшасы арқылы қажетті іс жүргізу құжаттары қосылып салынады.

44-2. Істің таңдалып алынған материалдарымен бірге күзетпен ұстауды, ұйқамақты санкциялау туралы өтінішхаты прокурордың "Қадағалау журналында" көрсетіледі.

СДТБТ-нің материалдары қоса берілген өтінішхаты интеграция арқылы сот органдарының "Төрелік" (бұдан әрі – "Төрелік" АЖ) автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесіне жолданады.

Соттағы өтінішхаттың қозғалуы бойынша ағымдағы жағдай СДТБТ-де: " Тергеп-тексеру журналында" және "Қадағалау журналының" "Санкция" бөлемінде көрсетіледі.

Соттағы өтінішхатты қараудың аяқталуы бойынша "Төрелік" АЖ жүйесінде қорытынды шешім қалыптасады, ол автоматты түрде СДТБТ АЖ көрінеді.

Ескерту. 44-2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 07.02.2024 № 18 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44-3. Осыған ұқсас іс-қимылдар ҚР ҚПК 220-бабының 14-бөлігі тәртібінде кейінге қалдыруды күтпейтін жағдайларда жүргізілген қараудың, алу және тінтудің заңдылығы болмаса заңсыздығы туралы сот қаулылары үшін де қарастырылған.

## **5-тарау. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген (айыпталған) адамға нысан**

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. "Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдікті (айыпталушы) деп танылған адамға қатысты нысан" Л-2 нысаны осы Қағиданың 13-қосымшасына сәйкес, ҚР ҚПК 64-бабының 1-бөлігіне сәйкес адам күдікті деп танылған жағдайда, оған қатысты іс жүргізу шешімі қабылданған, сондай-ақ ҚПК 35-бабы 1-бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтарымен және 36-бабымен көзделген негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылған жағдайларда толтырылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Прокурор процестік шешім қабылдаған кезде нысанды прокурор толтырады.

Қылмыстық қудалау органынан келіп түскен сотқа дейінгі тергеп тексеру бойынша процестік сот шешімін қабылдау кезде – нысанды қылмыстық қудалау органның лауазымды тұлғасы толтырады.

Прокурор жіберген сотқа дейінгі тергеп тексеру бойынша процестік сот шешімін қабылдау кезде – нысанды прокурор толтырады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Адамның жасы, кәсібі, лауазымы және білімі туралы мәліметтер құқық бұзушылық жасау сәтіне көрсетіледі, мұның өзінде жасы толық жасы бойынша есептеледі.

48. Қылмыстық құқық бұзушылықты алкогольді, есірткілі, токсикомандық мастану күйінде жасаған адамның күйі айыптау актісінің, қылмыстық теріс қылықты жасау туралы хаттаманың мазмұны негізінде, ал қысқартылған қылмыстық істер бойынша – қылмыстық іс материалдары негізінде көрсетіледі.

49. Бұрын қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтер соттылықтың өтелуінен немесе алынуынан тәуелсіз есептеледі. Бұрын қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарға сондай-ақ бұрын қылмыстық теріс қылықтар жасаған адамдар да жатады.

## **6-тарау. Прокурор шешімінің нысаны**

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Прокурордың нысандарға, соның ішінде прокурормен келісілген шешімдер бойынша қол қою уәкілеттілігінің жіктелуін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры ҚПК 193-бабы 2-бөлігіне сәйкес анықтайды.

Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі қызмет нәтижелері сәйкесінше осы Қағиданың 15 қосымшасына сәйкес " Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау барысындағы прокурор қызметі туралы нысан" Е-4 нысанын толтыру арқылы белгіленеді

**Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 ( ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **7-тарау. Заттай дәлелдеме, тәркіленген мүлік және ұсынулардың есебі нысаны**

**Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.**

51. Алынған және жойылған есірткі құралдарын, психотроптық немесе улы заттарды, прекурсорларды (бұдан әрі – ЕПП), іс бойынша өзге де заттай дәлелдемелерді, тіркіленген мүлік пен ұсынуларды есепке алу нысаны осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес заттай дәлелдемелерді, оның ішінде есірткі заттарды алып қою, беру және жою, қылмыстық істер бойынша мүлікті тәркілеу, сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 200-бабы тәртібімен енгізілген ұсынуларды және оларды қарау нәтижелері кезінде толтырылады.

**Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.**

52. Есірткі құралдарын жою туралы мәлімет сот үкімінің (қаулысының) негізінде, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе прокурормен келісілген ЕПЗ жою туралы қаулы негізінде толтырылады.

Соттағы есірткі құралдарын және басқа да заттай дәлелдемелерді жою туралы деректерді толтыруды уәкілетті органының қызметкері сот мәліметтері негізінде жүзеге асырады, ал қылмыстық қудалау органдағы ақпаратты толтыруды – жою актісі негізінде заттай дәлелдерді сақтауға жауапты лауазымды адам жүзеге асырады.

**Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 ( ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

53. ЕПЗ көму үшін, ғылыми, өндірістік, емдік және өзге мақсаттарда сәйкесінше ұйымдарға (мекемелерге) берген, сондай-ақ өзге заттай дәлелдер тағдырын шешкен жағдайда заттай дәлелдер нысаны сәйкесінше қаулы негізінде шығарылады.

53-1. ҚР ҚПК-нің 200-бабының тәртібімен енгізілген ұсынулар және оларды қарау нәтижелері туралы деректемелерді, сондай-ақ тәркіленген мүлік туралы мәліметтерді толтырудың шынайылығын сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қамтамасыз етеді.

Ескерту. 7-тарау 53-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

#### **8-тарау. Жәбірленуші адам нысаны**

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Жәбірленуші (зардап шеккен) адамның, олардың өкілінің нысаны осы Қағиданың 17-қосымшасына сәйкес ҚПК 71-бабы негізінде осындай деп тану туралы тиісті қаулының негізінде әрбір адамға жеке толтырылады.

Сонымен қатар нысан қылмыстық-іс жүргізу заңнамасына сәйкес жәбірленуші деп танылуы мүмкін емес жәбірленуші (қаза болған), жас адамға толтырылады.

#### **9-тарау. Сотталған адам нысаны**

Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Сотталған адам нысанын осы Қағиданың 18-қосымшасына сәйкес сот қаулысы, үкімі күшіне енген күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде заңды күшіне енген сот қаулысы мен үкімінің негізінде уәкілетті прокурор толтырып, СДТБТ-ға енгізеді.

#### **9-1-тарау. Қылмыстық процеске қатысушыға арналған нысан.**

Ескерту. Қағида 9-1-тараумен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

55-1. Осы Қағидалардың 18-1-қосымшасына сәйкес қылмыстық процеске қатысушыға арналған нысан қылмыстық процеске мынадай қатысушыларға: ҚР ҚПК-нің 201-бабының талаптарын ескере отырып, процестік мәртебені алған сәттен бастап растайтын құжаттар болған кезде күдікті, айыпталушы, сотталушы, жәбірленуші, қорғаушы, адвокат, жәбірленуші мен күдіктінің өкіліне жеке-жеке толтырылады.

#### **10-тарау. Нысандарды енгізу мерзімі"**

Ескерту. 10-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды немесе баянатты тіркеу туралы, келісуге не бекітуге жататын процестік шешімдер туралы мәліметтер,

сондай-ақ процестік шешімдердің және іс-әрекеттердің электрондық шаблондары СДТБТ-ға дереу енгізіледі.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Қалған нысандар бойынша мәліметтер шешім қабылданған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірілмей енгізіледі.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **10-1-тарау. Жария сектор**

Ескерту. Қағидалар 10-1-тараумен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57-1. Қылмыстық процеске қатысушыларға процестік мәртебесін алған сәттен бастап ҚР ҚПК-нің бабының талаптарын сақтай отырып жария сектор арқылы:

қабылданған процестік шешімдері туралы, өзіне қатысты қылмыстық іс материалдары туралы немесе ол қорғалатын адам туралы СДТБТ-дағы қолда бар және өзге де мәліметтерге;

ҚР ҚПК-нің 13-тарауында көзделген өтінішхаттарды, арыздарды беруге және оларға электрондық форматта жауап алуға қолжетімділік беріледі.

Жария сектормен жұмыс жасау үшін қылмыстық процеске қатысушыларда Интернеттің, ЭЦҚ-ның болуы және жария секторда тіркелуі қажет.

Қылмыстық процеске қатысушыларға міндетті түрде ҚР ҚПК-ге сәйкес табысталуға не таныстыруға жататын процестік шешімдерге қолжетімділік беріледі.

Қылмыстық процеске қатысушыларды тіркеу жария секторда ҚР ҚПК-де көзделген шектеулерді ескере отырып өз бетінше жүргізіледі.

Қылмыстық процеске қатысушының өтінішхаты түскен кезде құқық қорғау органдары кеңсесінің қызметкері (қызметкері) осы Қағидаларға 22-1-қосымшаға сәйкес "Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысындағы өтінішхаттарды есепке алу жөніндегі нысан" 1-УХ нысанын (бұдан әрі – 1-УХ нысаны) толтырады.

Қолжетімділікті сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші адам, ҚР ҚПК-де бекітілген көлемде береді.

Қылмыстық процеске қатысушының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, тергеу бөлімі бастығының, анықтау органы бастығының және прокурордың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымы жария сектор арқылы, қолма-қол, жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер бойынша немесе "Е-Otinish" ақпараттық жүйесі арқылы түскен кезде, осы Қағидалардың 22-

қосымшасына сәйкес "Қылмыстық процестік сотқа дейінгі сатысындағы шағымдарды есепке алу бойынша нысан" 1-ШЕ нысанын (бұдан әрі – 1-ШЕ нысаны) құқық қорғау органдары кеңсесінің қызметкерлері (жұмыскерлері) толтырады.

**Ескерту. 57-1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 07.02.2024 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының м.а. 09.08.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

57-2. ҚР ҚПК-нің 105-бабының 2-бөлігінде көзделген мерзімдерде ҚР ҚПК-нің 105-бабының 3-бөлігіне (шағымданатын шешімнің күшін жою немесе өзгертумен шағымды толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы немесе шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы) сәйкес шешім қабылданады, осы Қағидалардың 23-қосымшасына сәйкес "Шағымдарды қарау нәтижелері туралы нысан" 2-ШЕ нысанына (бұдан әрі – 2-ШЕ нысаны) енгізіледі.

Бұл ретте, электрондық форматта қабылданған шешім СДТБТ автоматты түрде қалыптастырылған шаблон негізінде қалыптастырылады және қол қойылады.

Шағымдар, оның ішінде жария сектор және "Е-Otinish" ақпараттық жүйесі арқылы келіп түскен шағымдар "Шағымдар журналы" СДТБТ жеке салымында көрсетіледі.

Қылмыстық процеске қатысушылардың шағымдарын есепке алуды уәкілетті орган СДТБТ-дан деректерді беру жолымен жүзеге асырады.

**Ескерту. 57-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 07.02.2024 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

57-3. ҚР ҚПК-нің 99-бабының төртінші бөлігінде көзделген мерзімдерде ҚР ҚПК-нің 99-бабының бесінші бөлігіне (өтінішхатты толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы не өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы) сәйкес шешім қабылданып, осы Қағидалардың 22-2-қосымшасына сәйкес "Өтінішхатты қарау нәтижелері туралы нысан" 2-УХ нысанына (бұдан әрі – 2-УХ нысаны) енгізіледі.

Бұл ретте электрондық форматта қабылданған шешім СДТБТ автоматты түрде қалыптастырылған шаблон негізінде қалыптастырылады және қол қойылады.

Өтінішхаттар, оның ішінде жария сектор және "Е-Otinish" ақпараттық жүйесі арқылы келіп түскендер СДТБТ-нің "Өтінішхаттар журналы" жеке салымында көрсетіледі.

Қылмыстық процеске қатысушылардың өтінішхаттарын есепке алу уәкілетті органда СДТБТ-дан деректерді беру жолымен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 10-1-тарау 57-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының м.а. 09.08.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**11-тарау. Мәліметтерді редакциялау**

Ескерту. 11-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. СДТБТ-ға енгізілген ақпараттың қылмыстық іс жүргізу материалдарына сәйкес келмеу фактілері анықталған жағдайда, анықталған бұзушылықтарды мәліметтерді редакциялау арқылы жою бойынша шаралар қабылданады.

Мәліметтерді редакциялау нысан деректемелерінің деректерін өзгерту және (немесе) толықтыру, бұрын СДТБТ-ға енгізілген нысанды жоюдан тұрады.

Бұрын енгізілген деректерді К-1 және К-2 нысандарының деректемелеріне, Е-1 нысанындағы 1 мен 5 аралығындағы деректемелеріне өзгертуді және (немесе) толықтыруды пайдаланушы дербес жүргізеді.

Бұрын енгізілген деректерді электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының деректемелеріне өзгерту және (немесе) толықтыру қылмыстық қудалау органдары мен қадағалаушы прокурорлардың дәлелді өтінішхаттары, сондай-ақ басшымен келісілген прокурордың баянаты (ҚСЖАЕК) негізінде жүзеге асырылады.

Өтінішхаттар мен баянаттар растайтын процестік құжаттарды қоса бере отырып, СДТБТ арқылы уәкілетті органға жіберіледі.

Электрондық қылмыстық істер бойынша өтінішхаттар мен баянаттарда қылмыстық істің растайтын материалдарына (процестік құжат, іс парағы) сілтемелерді көрсету қажет.

Өтінішхаттар мен баянаттар келіп түскен күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде қаралуға тиіс.

СДТБТ-дан процестік шешімдерді өтінішхат бастамашысының жоюы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалаушы прокурормен келісіледі.

Есептік кезеңде енгізілген "Қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға ықпал ететін күштер мен құралдар" деректемелері тергеу органының қолдау хаты бойынша растайтын құжаттарды қоса алмай редакцияланады.

"Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М есептің нысаны бекітілгеннен кейін есепті кезеңде аяқталған қылмыстық істер бойынша "Қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға ықпал ететін күштер мен құралдар" деректемелері түзетуге жатпайды.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 07.02.2024 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының м.а. 09.08.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

**12-тарау. Тұтынушыларды енгізу, рөлдерді беру тәртібі**

Ескерту. 12-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. АЕК-тегі және СДТБТ-дағы жұмыс пайдаланушылардың рөлдеріне сәйкес іске асады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59-1. СДТБТ-де тіркелген тұтынушының жүгінген жағдайда (жеке басты куәландыратын құжат және ақпаратты қауіпсіз сақтауға арналған құрылғы болған жағдайда) уәкілетті орган (Комитеттің аумақтық және теңестірілген органы жүйесінің уәкілетті әкімшісі) тұтынушының биометриялық өлшемдерін ақпаратты қауіпсіз сақтауға арналған құрылғына тіркейді.

Биометриялық өлшемдерді тіркеу кезінде тұтынушының саусақ іздерінің үлгісі тұтынушының ақпаратты қауіпсіз сақтауға арналған құрылғына жергілікті сақталады. Бұл ретте тиісті тұтынушының есеп жазбасына биометриялық тіркеуден өткені туралы мәлімет қосылады.

Биометриялық аутентификация PIN-код енгізу арқылы және биометриялық санағышта сканерлеумен жүзеге асырылады.

Ескерту. 12-тарау 59-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 07.02.2024 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

60. Пайдаланушылардың лауазымдары және рөлдері туралы мәліметті уәкілетті орган қылмыстық қудалау органының және прокуратура органының әрқайсысы бойынша ұйымдастыру құрылымының анықтамалығына енгізеді.

61. Қылмыстық қудалау органдары анықтамалықтар негізінде АЕК және СДТБТ-ға қолжеткізу құқығы бар пайдаланушыларды енгізеді.

62. Прокуратура органдарының қызметкерлерін енгізуді уәкілетті орган іске асырады.

63. Анықтамалықты жүргізуге жауапты қылмыстық қудалау органының бөлімшелері мен лауазымды адамдары қылмыстық қудалау органының ведомстволық актісімен анықталады.

64. Қылмыстық қудалау және прокуратура органдарының кадр бөлімшелері прокуратура басшысын, прокурорды, басшыларды және қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыз, хабар немесе баянат тіркеуге және СДТБТ-ны жүргізуге уәкілетті қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлерін тағайындау немесе босату туралы бұйрыққа қол қою күні бұл туралы аталған ведомстволардың пайдаланушыларын енгізуге жауапты лауазымды адамдарға жазбаша хабарлайды.

**Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

65. Уәкілетті орган прокурорлық қадағалауды және ведомстволық бақылауды іске асыру мақсатында прокуратулар және қылмыстық қудалау органдарының басшыларына, іс жүргізуші және уәкілетті прокурорларға, сонымен қатар ведомстволық бақылауды іске асыруға уәкілетті қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдарына қадағалау және бақылау органдарындағы сотқа дейінгі тергеу туралы мәліметтерге қолжетімділік береді.

66. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы стандарттарға сәйкес жүзеге асады.

### **13-тарау. Оқыс жағдай туындаған жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық және сотқа дейінгі тергеп-тексерулер туралы ақпаратты тіркеу тәртібі**

**Ескерту. 13-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

67. Апаттық жайттар туындаған және ақпараттық жүйеге қолжетімділік болмаған жағдайларда, қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат осы Қағиданың 19 және 19-1-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша қағаз түріндегі Апаттық жайттар туындаған және СДТБТ ақпараттық жүйесіне қолжетімділік болмаған жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексерулерді тіркеу және Апаттық жайттар туындаған және СДТБТ ақпараттық жүйесіне қолжетімділік болмаған жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты тіркеу журналдарында тіркеледі.

Осы Қағиданың 9-14-тармақтарымен көзделген әрекеттерді орындау кезінде аталған журналдың тиісті бағандары толтырылады.

СДТБТ-не тіркеу туралы мәліметтерді толтыру сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға негіз болады.

**Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 23.12.2014 № 159 ( 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

68. Сотқа дейінгі тергеудің тіркеу нөмірі осы Қағиданың 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптасады.

Ақпараттық жүйеге қол жетімділіктің болмауына әкеліп соққан штаттан тыс туындаған жағдай туралы тиісті актісі осы Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрастырылады, онда қылмыстық құқық бұзушылық туралы қабылданған арыз, хабар немесе баянат және ақпараттық жүйеге қолжетімділік болмаған мерзімде тіркелген сотқа дейінгі тергеулердің себептері, ұзақтығы, саны мен тізімі бейнеленеді.

Тіркеуге жауапты лауазымды адам ақпараттық жүйеге қол жетімділік болмаған жағдайда, осы Қағиданың 11-17-қосымшаларына сәйкес қағаз нұсқаларын толтырады және оқыс жағдай туралы актімен бірге 24 сағат ішінде мәліметтерді ақпараттық жүйеге енгізу үшін ілеспе хатпен уәкілетті органға ұсынады.

Уәкілетті органның қызметкері қағаз нұсқасында ұсынылған мәліметтерді олардың келіп түскен кезінен бастап 24 сағаттан кешіктірмей тіркеу нөмірлерін сақтай отырып ақпараттық жүйеге енгізеді.

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 ( ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 23.09.2016 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

Қылмыстық құқық  
бұзушылық туралы арыздарды,  
хабарларды немесе баянаттарды  
қабылдау және тіркеу,  
сондай-ақ Сотқа дейінгі  
тергеп-тексерулердің  
бірыңғай тізілімін жүргізу  
қағидаларына  
1-қосымша

К-1 нысан

### Ақпаратты есепке алу кітабына есепке алу

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 27.09.2022 № 191 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Ақпаратты есепке алу (бұдан әрі-АЕК) нөмірі _____ Қабылдау күні мен уақыты
2. Тіркеу органы _____
—
3. Жасалу ауданы (гарнизонда, көлікте) _____
—
3.1 Әскери бөлім нөмірі _____
—
4. Талон нөмірі _____ Талон күні _____
—
5. Оқиғаның сипаттамасы
Құқық бұзушылықтың мән-жайы
5.1 Хабарлама: жеке адамға қарсы (03), отбасы мен кәмелетке толмағандарға қарсы (04), адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы (05), бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы (06), конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы (07), меншікке қарсы (08), ақпараттандыру және байланыс саласында (09), экономикалық қызмет саласында (10), коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы (11), қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы (12), халықтың денсаулығы мен адамгершілікке қарсы (13), медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы (14), экологиялық қылмыстық құқық

бұзушылықтар туралы (15), көлікте жасалған (16), сыбайлас жемқорлыққа байланысты және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы (17), басқару тәртібіне қарсы (18), сот төрелігіне және жазаны орындау тәртібіне қарсы (19), әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы (20).

5.2 Нәтижелері бойынша тіркелді: (анықтамалық бойынша)

5.3 Жану: (01)

5.4 Кәсіпкерлік қызмет саласында: (анықтамалық бойынша)

5.5 Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) \_\_\_\_\_

5.6 Терезеден құлау: (01)

5.7 Хабарлама тіркелді: отбасылық-тұрмыстық салада (1), салықтық тексеру шеңберінде (2), өзге (3)

Арызданушы туралы мәлімет

6. Хабар түрі: жеке адамның жазбаша арызы (01), жеке адамның ауызша арызы (02), органның/ұйымның лауазымды адамның хабары (03), өз кінәсін мойындап келу (04), бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар (06), лауазымды адамның баянаты (07), Жедел басқару орталығының (бұдан әрі – ЖБО) хабары (08), анықталмаған адамның арызы (09), лауазымды адамның бастама баянаты (ЖІҚ барысында қызметкермен анықталды) (10), бұрын Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 181-бабының 5-бөлігі тәртібінде жіберілген уәкілетті мемлекеттік органнан келіп түсті (11), арыз кеңсе/почталық байланыс арқылы келіп түсті (12), арыз Электрондық Үкімет порталы арқылы келіп түсті (13), органнан/мекемеден келіп түскен материал (14).

7. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) \_\_\_\_\_

7.1. Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

8. ЖБО атауы \_\_\_\_\_

8.1. ЖБО тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_ ЖБО-да тіркеу күні мен уақыты \_\_\_\_\_

8.2. ЖБО қызметкерінің лауазымы \_\_\_\_\_

8.3. ЖБО қызметкерінің тегі \_\_\_\_\_

9. Жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

9.1. Тегі 9.2 Аты 9.3 Әкесінің аты (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

9.4. Туған күні \_\_\_\_\_

10. Мекенжайы

Республика \_\_\_\_\_ Облыс \_\_\_\_\_

Аудан \_\_\_\_\_ Елді мекен \_\_\_\_\_

Көше \_\_\_\_\_ Үй \_\_\_\_\_ Корпус \_\_\_\_\_ Пәтер \_\_\_\_\_

11. Телефон \_\_\_\_\_ Ұялы телефон \_\_\_\_\_ e-mail \_\_\_\_\_

12. Аумақтық тиесілігі (ішкі ведомстволығы) бойынша түскен арыздар мен хабарлар

12.1. Арыздар мен хабарлар келіп түскен қылмыстық қудалау органы:

12.2. Шығыс нөмірі № \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

12.3. Бұрынғы тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

12.4. Тексеру актісінің нөмірі \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қосымша ақпарат

13. Лауазымды адам (кімге тапсырылды)

Лауазымды адам (қызмет коды)

Есепке алу күні \_\_\_\_\_ Түзету енгізілген күні \_\_\_\_\_

Ескертпе

Ескертпе сипаттамасы

14. Дене мүшесін зақымдау жасалды, аштық ҚАЖ мекемесінде жарияланды: ең төменгі (01), орташа (02), ең жоғарғы (03), төтенше (04), толық (05), аралас қауіпсіздік (06),

14.1. Жеке (01), топтық (02).

15. Сотталғанның (тергеумен қамалған) жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

15.1. Тегі \_\_\_\_\_ 15.2 Аты \_\_\_\_\_ 15.3 Әкесінің аты (ол болған кезде) \_\_\_\_\_

15.4. Туған жылы \_\_\_\_\_

16. Соттау бабы \_\_\_\_\_

17. Дене мүшесін зақымдау, аштық себептері: жазаны өтеу режимін бұзу мақсатында (01), мекеме әкімшілігінің әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) және шешімдерімен келіспеу (02), өндіріп алумен келіспеу (03), медициналық, материалдық немесе өзге де қамтамасыз ету (04), соттың, тергеушінің шешімдерімен, үкіммен келіспеу (05), жеке, отбасылық жағдайлар (06), басқа (07).

18. мүшеге зақым келтірген келіспеушілік салдарынан аштық жариялануынан мекеме әкімшілігінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің), шешімінің толық сипаттамасы:

Сипаттама

19. Дене мүшесін зақымдау тәсілі:

Сипаттама тәсілі

20. Дене мүшесін зақымдау орны: (анықтамалық бойынша).

20.1. Дене мүшесін зақымдау мекемеден тыс жерде жасалды және сотталған мекемеге келгеннен кейін белгіленді.

20.2. Дене мүшесін зақымдау, аштық әкімшілік қызметкерлері есептен жасырылған ретінде прокурордың бастамасы бойынша АЕК-те тіркелген.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздарды, хабарларды немесе баянаттарды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ, Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларына 2-қосымша К-2 нысан

## АЕК бойынша шешім

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 15.01.2020 № 8 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ақпараттық есептік құжат (бұдан әрі-АЕК) нөмірі \_\_\_\_\_

2. Шешім қабылдаған орган \_\_\_\_\_

3. Оқиға сипаттамасы (баянат үшін қарады)

Құқық бұзушылықтың мән-жайы

4. АЕК бойынша шешім: Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін (бұдан әрі- СДТБТ) тіркеу (01), қараусыз қалтырылды және номенклатуралық істе (нарядта) сақталады (02), Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі-ҚР ҚПК) 181-бабының 5-бөлігіне сәйкес уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға жолданды (03), кінәлі адамды әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға (лауазымды тұлғаға) жолданды (04), кінәлі адамды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселелерді қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға (лауазымды тұлғаға) жолданды (10), АЕК-на қоса тіркеу (05), СДТБТ-не қоса теркеу (06), жеке тәртіпте қарау үшін сотқа жолданды (07), аумақтық тиесілігіне, ішкі ведомстволығына қарай жолданды (08), аумақтылығы, ведомстволық бағыныстылығы бойынша қабылданды (13), салықтық тексеру актілерінде ұйымдардан салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болмауына байланысты қайтарылды (Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 19-бабы 4-тармағы) (11), тексеру жүргізбей басқа қылмыстық қудалау органына берілді (12), ҚР ҚПК 181-бабы 3-бөлігінің талаптарына сәйкес келтіру үшін қайтарылды (09).

Шешімді қабылдау күні-уақыты \_\_\_\_\_

5. Шешім сипаттамасы (баянат үшін анықтады/шығарды)

Шешімнің мән-жайы (сипаттамасы)

6. Номенклатуралық істің нөмірі \_\_\_\_\_

6.1 Издестіру іс-шараларының қажеттілігі: қажет емес (1), туысқандарымен байланысы үзілген (2), анықталмаған адам (3).

7. Материал жіберілген органның (соттың) атауы:

7.1 Шығыс нөмірі \_\_\_\_\_

8. СДТБТ нөмірі \_\_\_\_\_

8.1. Арыз, хабарлама қоса тіркелген АЕК нөмірі \_\_\_\_\_

8.2. Арыз, хабарлама қоса тіркелген СДТБТ нөмірі \_\_\_\_\_

8.3. Әкімшілік хаттаманың нөмірі \_\_\_\_\_

9. Ескерту

Ескерту сипаттамасы

10. Лауазымды тұлға \_\_\_\_\_

Шешім шығару күні \_\_\_\_\_ Түзету енгізу күні \_\_\_\_\_

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларына 3-қосымша

**Ескерту. 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 14.02.2018 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Материалдарды беру есебінің  
КІТАБЫ**

Ескерту. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 10.08.2015 № 99 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы  
арыздар  
мен хабарламаларды қабылдау және  
тіркеу,  
сондай-ақ Сотқа дейінгі  
тергеп-тексерулердің  
бірыңғай тізілімін жүргізу  
ережесіне 3-1-қосымша

нысан

\_\_\_\_\_ бастығына

## Б А Я Н А Т

Ескерту. 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 23.12.2014 № 159 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кезекшілік кезінде мынадай мазмұндағы хабарлама келіп түсті:

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау мүмкіндігі туралы шешімді

қабылдау үшін аталған хабарлама АЕК № \_\_\_\_\_ тіркеу күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ уақыты \_\_\_\_\_ тіркелді.

Тіркелген хабарлама қызметкер \_\_\_\_\_ -ға (-ге, -қа, -ке)

қарау үшін берілді.

Кезекші бөлімінің қызметкері

(тіркеуге жауапты лауазымды адам)

Қылмыстық құқық  
бұзушылықтар туралы арызды,  
хабарды немесе баянатты  
қабылдау және тіркеу, сондай-ақ  
Сотқа дейінгі тергеп-  
тексерулердің бірыңғай тізілімін  
